**«ПМХЗ» ЖШС-нің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы 2024 жылға арналған бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру жөніндегі қызметі туралы есебі**

2025 жылғы 28 наурызда «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС-нің (бұдан әрі – «ПМХЗ» ЖШС) ресми сайтында тұтынушы кәсіпорындар алдында бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру және маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің 2024 жылғы қорытындылары бойынша қызметі туралы есептің тыңдауларын 2025 жылғы 24 сәуірде өткізетіні туралы хабарландыру жариялады.

«ПМХЗ» ЖШС Қазақстанның ірі мұнай өңдеу кәсіпорындарының бірі және мұнай өңдеу тереңдігін шамамен 91,5% қамтамасыз ететін технологиялық қондырғылар жинақталған Қазақстандағы жалғыз мұнай өңдеу зауыты болып табылады. Зауыттың өндірістік қуаты жылына 6 млн. тонна шикі мұнайды құрайды.

Зауытта әртүрлі маркалы автомобиль бензинін, реактивті қозғалтқыштарға арналған отынды, дизель отынын, вакуумды газойльді, сұйылтылған газдарды, мазутты, мұнай битумдарын, мұнай коксін, күкіртті қамтитын өнімдердің кең ассортименті бар.

«Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС 2023 жылғы қаңтардан бастап мынадай реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркелімінің жергілікті бөліміне енгізілді:

1. бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру жөніндегі қызмет;

2. маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет.

«ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті» РММ (бұдан әрі - «ТМРКД» РММ) 2023 жылғы 27 шілдедегі №63-НҚ бұйрығымен жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтерді көрсететін субъекті ретінде «ПМХЗ» ЖШС-де 2023 жылғы 01 тамыздан 2024 жылғы 31 шілдеге дейінгі кезеңге тарифтік сметалар төмендегі тарифтер бойынша:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне арналған тариф **53,77 теңге/вагон/км (ҚҚС қоспағанда)** мөлшерінде;

- жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметіне арналған тариф **77,54 теңге/вагон/сағ. (ҚҚС қоспағанда)** мөлшерінде бекітілді.

«ТМРКД» РММ-нің 2023 жылғы 16 қарашадағы №98-НҚ бұйрығымен «ПМХЗ» ЖШС тарифтік сметалардың баптарын тарифтерді өзгертпей түзетуді бекітті.

2019 жылғы 19 қарашадағы №90 «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының» (бұдан әрі – Қағидалар) 328-тармағына сәйкес табиғи монополиялар субъектісі жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 мамырынан кешіктірмей «База «Монополист» веб-порталы арқылы негіздеуші материалдарды қоса бере отырып, алдыңғы күнтізбелік жыл үшін бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы есепті уәкілетті органның ведомствосына электрондық нысанда ұсынады.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «ПМХЗ» ЖШС, табиғи монополиялар субъектісі ретінде 2024 жылға арналған есепті ұсынады.

«ПМХЗ» ЖШС үшін кірме жолдар қызметтеріне арналған инвестициялық бағдарламалар бекітілмеді.

Кірме жолдар қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың орындалуы туралы есептерді толығырақ қарастырайық.

**1-кесте**

**2024 жылға бәсекелеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп**

| № р/с | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2024 жылға тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқу, % | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы:** | **мың теңге** | **12 694,0** | **27 981,7** | **120** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| **1** | **Материалдық шығындар, барлығы** | -//- | **302,3** | **607,4** | **101** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 1.1 | Пайдалануға кеткен материалдар | -//- | 234,6 | 370,8 | 58 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 1.2 | Отын (ЖЖМ) | -//- | 55,3 | 97,1 | 76 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 1.3 | Сатып алынатын энергия | -//- | 10,7 | 132,6 | 1 139 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.4 | Жылу энергиясы | -//- | 1,7 | 6,9 | 306 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **2** | **Еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындар, барлығы,** | -//- | **7 818,8** | **19 047,6** | **144** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 2.1 | Еңбекақы | -//- | 7 026,7 | 17 104,4 | 143 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 2.2 | Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар | -//- | 581,3 | 1 430,1 | 146 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 2.3 | Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) | -//- | 210,8 | 513,1 | 143 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **3** | **Негізгі қаражаттың амортизациясы** | -//- | **3 462,4** | **6 422,1** | **85** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **4** | **Жөндеу, барлығы** | -//- | **0** | **0** | **0** | |
| **5** | **Басқа шығыстар, барлығы** | -//- | **1 110,4** | **1 904,6** | **72** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 5.1 | Міндетті медициналық қарау | -//- | 18,1 | 26,1 | 44 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.2 | Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру | -//- | 66,3 | 324,8 | 390 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.3 | Арнайы киім мен ЖҚҚ | -//- | 438,6 | 510,7 | 16 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.4 | Арнайы сабын | -//- | 15,6 | 36,5 | 134 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.5 | Арнайы сүт | -//- | 95,0 | 123,6 | 30 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.6 | Кеңсе тауарлары | -//- | 6,4 | 7,4 | 16 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **5.7** | **Басқа шығыстар** | -//- | **470,4** | **875,5** | **86** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.7.1 | Жол өлшеу үлгілерін тексеру | -//- | 1,4 | 1,4 | 0 | |
| 5.7.2 | Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру | -//- | 44,7 | 72,3 | 62 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.7.3 | Мүлікке қойылатын салық | -//- | 424,3 | 801,8 | 89 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **II** | **Қызметтер көрсетуге кеткен барлық шығындар** | -//- | **12 694,0** | **27 981,7** | **120** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **III** | **Барлық кірістер** | -//- | **12 694,0** | **10 463,8** | **-18** | Көлемдердің кемуі |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **IV** | **Кіріс (Залал)** | **-//-** | **0** | **-17 518** | | |
| **V** | **Ұсыналатын қызметтердің көлемі** | **вагон/км** | **236 066** | **194 603** | **-18** | Көлемдердің кемуі |
| **VI** | **Тариф (қосылған құн салығын қоспағанда)** | **теңге** | **53,77** | **53,77** | **0** | |
| **VII** | **Қызмет көрсетуге кеткен шығындар** | **теңге** | **53,77** | **143,79** | **167** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |

Тарифтік сметада бекітілген және нақты шығындар табиғи монополиялар мен өзге де қызметтердің реттеліп көрсетілетін қызмет түрлері бойынша кірістердің, шығындар мен іске қосылған активтердің бөлек есебін жүргізу әдістемесіне сәйкес шығындарды бөлу коэффициенттері бойынша бөлінген.

2024 жылғы тарифтік сметадағы нақты шығындардың жалпы сомасы – 27 981,7 мың теңге, ал бекітілгені - 12 694 мың теңге, бұл 15 287,7 мың теңгеге немесе 120%-ға артық.

Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметіне тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес 2024 жылғы артық жұмсалым тарифтік сметаның барлық баптары бойынша туындады.

**«Пайдалануға кеткен материалдар» бабы** – бекітілген тарифтік сметада (бұдан әрі – БТС) шығыстар 234,6 мың теңге мөлшерінде бекітілді, 2024 жылғы нақты шығыстар 370,8 мың теңгені құрады, бұл БТС-пен салыстырғанда 136,2 мың теңгеге немесе 58%-ға артық, өсім БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болып отыр.

**«Отын (ЖЖМ)» бабы** – БТС-да шығыстар 55,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, осы бап бойынша 2024 жылғы нақты шығыстар 97,1 мың теңгені құрады, бұл 41,8 мыңға немесе 76%-ға артық. Шығындардың өсуі БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болып отыр.

**«Сатып алынатын энергия» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдар қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 10,7 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 132,6 мың теңгені құрады, ал бұл БТС-дан қарағанда 121,9 мың теңгеге артық (өсім 1139%).

«ПМХЗ» ЖШС реттелетін қызмет көрсетуге қатысатын объектілерін электр энергиясымен жабдықтауға жұмсалатын шығындар ай сайын есептелетін орташа тариф бойынша шығады.

Бекітілген тарифтік сметадағы есептік орташа өлшенген 16,43 теңге кВт/сағ. құнмен салыстырғанда 2024 жылғы электр энергиясының нақты орташа өлшенген құны 26,10 теңге кВт/сағ. құрады, бұл шығындардың ұлғаюына әкелді.

Сонымен қатар шығындардың өсімі уәкілетті органның БТС-да тарифтік сметаны бекіту кезінде ғимараттарды жарықтандыруға кеткен шығыстар ғана қабылданғандығымен, іске қосылған жабдыққа жұмсалатын электр энергиясының шығыстары толығымен алынып тасталғандығымен және жобадағы есептік мөлшерден электр энергиясының шығыны 10 есе азаюымен байланысты болды, бұл бекітілген тарифтік сметада осы бап бойынша қаражаттың жетіспеушілігіне әкеп соқты.

**«Жылу энергиясы» бабы** – «ПМХЗ» ЖШС-ні жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді «ПАВЛОДАРЭНЕРГО»АҚ жүзеге асырады.

Тарифтік сметадағы жылу энергиясының нақты шығыны алаңдар бойынша есептік әдіспен кірме жолдар қызметтерін көрсетуге тартылған ғимараттар бойынша жылу энергиясының шығысы негізінде жүргізілді (ғимараттар бойынша шығыс «ПМХЗ» ЖШС энергиямен жабдықтау бөлімі ұсынған есептеулерде берілген).

Бекітілген тарифтік сметада жылу энергиясына жұмсалатын шығындардың сомасы 1,7 мың теңге, нақты - 6,9 мың теңге, бұл 5,2 мың теңгеге немесе БТС-дан 306%-ға артық.

Жылу энергиясы бойынша шығындардың өсуі кірме жолдарға қызмет көрсету цехының (№12 цех) персоналы алып жатқан алаңның өзгеруімен және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның жылыту суы бойынша тарифінің жоғарылауымен, сонымен қатар бұдан бұрын бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты болды. Бекітілген тарифтік сметада есепке «ПЭ» АҚ - 1874,72 (теңге/Гкал) тарифі бойынша (жылына 11,5 Гкал) шығын алынды, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2024 жылғы 01 қаңтардан 31 мамырға дейінгі кезеңдегі 2024 жылғы тарифі – 2224,36 теңге/Гкал (2023 жылғы 13 шілдедегі 59-НҚ бұйрық), 2024 жылғы 2 маусымнан бастап тариф – 2285,64 теңге/Гкал (2024 жылғы 28 мамырдағы 41-НҚ бұйрық).

**«Еңбекақы» бабы -** бекітілген тарифтік сметада сома 7 026,7 мың теңгені, нақты шығындар 17 104,4 мың теңгені құрайды, бұл 10 077,7 мың теңгеге немесе 143%-ға артық. Шығындардың өсуі бұдан бұрын бекітілген тарифтік сметадағы қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болды.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде 1 жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 140 мың теңге деңгейінде бекітілді, тарифтік сметаның баптары түзетілгеннен кейін тарифті өзгертпей, 1 жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 151 мың теңге деңгейінде бекітілді.

«ПМХЗ» ЖШС-нің кірме жолдар қызметтерімен айналысатын 1 жұмыскерінің нақты орташа айлық еңбекақысы 361 мың теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көлік қызмет түріне қатысты Павлодар облысындағы орташа айлық жалақыдан аспайды.

**«Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар» бабы –** бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдар қызметіне қатысты әлеуметтік салыққа және әлеуметтік аударымдарға кеткен шығындардың сомасы 581,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 1430,1 мың теңгені құрады, бұл 848,8 мың теңгеге немесе 146%-ға артық және де БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

**«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» (МӘМС) бабы** – осы бап бойынша тарифтік сметадағы сома 210,8 мың теңгеде бекітілді, 2024 жылғы нақты шығындар 513,1,1 мың теңгені құрады, бұл 302,3 мың теңгеге немесе 143%-ға артық және де БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

**«Негізгі құралдардың амортизациясы» бабы** - бекітілген тарифтік сметадағы сома 3 462,4 мың теңгені құрайды, нақты шығындар 6 422,1 мың теңгені құрады, бұл 2 959,7 мың теңгеге немесе 85%-ға артық. Шығындардың ұлғаюы 2024 жылы 82 млн 971 мың теңге сомасына негізгі құралдар мен жабдықтарды

сатып алумен, 49 млн 500 мың теңге сомасына ЖПМК күрделі жөндеуін жүргізумен, сонымен қатар 250 млн. 722 мың теңге сомасына тұрмыстық блокқа жөндеу жүргізумен байланысты болды.

**«Міндетті медициналық қарау» бабы** – бекітілген тарифтік сметада осы бап бойынша сома 18,1 мың теңгені құрады. Осы бап бойынша 44%-ға артық шығын жасалған шартқа сәйкес медициналық қараудан өту құнының артуына байланысты болды.

«**Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолдарды беру қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 66,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 324,8 мың теңгені құрады, бұл 258,5 мың теңгеге немесе 390%-ға артық.

Өсім бірінші кезекте тарифті бекіту кезінде қаражаттың болмауымен және кәсіптік тәуекел класы бойынша сақтандыру тарифінің өзгеруімен, сондай-ақ тарифтік мөлшерлемелердің және лауазымдық айлықақылардың ұлғаюымен негізделеді.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде «Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабындағы шығындар кәсіптік тәуекелдің 15-класының сақтандыру тарифі бойынша есептелген (2022 жылғы шарт бойынша), сақтандыру тарифінің коэффициенті – 1,13%.

2023 жылғы 17 тамыздан бастап «Еуразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-мен жаңа шарт (881512/2023/1/25162.06) жасалды.

Міндетті сақтандыруға кеткен нақты шығындар шарттарға сәйкес «Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны төлеу тәртібі» 17-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіптік тәуекелдің 14-класы, сақтандыру тарифінің 1,55% коэффициенті бойынша жүргізілді.

**«Арнайы киім және ЖҚҚ» бабы -** бекітілген тарифтік сметада жүруге арналған кірме жолдар қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 438,6 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 510,7 мың теңгені құрады, бұл 72,1 мың теңгеден немесе 16%-ға артық. Бекітілген тарифтік сметада арнайы киім мен ЖҚҚ бағасы шартқа сәйкес 2021 жылғы бағалар бойынша қабылданды. Өсім жасалған шартқа сәйкес арнайы киім мен ЖҚҚ бағасының өсуімен байланысты.

Арнайы сүттің, арнайы сабынның, кеңсе тауарларының баптары бойынша өсім жасалған шарттарға сәйкес материалдар бағасының өсуімен де байланысты.

**«Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру» бабы -** 2023 жылғы сәуірде кірме жолдар қалдықтарының иесі ретінде «ПМХЗ» ЖШС-ге ҚР Экологиялық Кодексінің 318-бабы негізінде 1-санаттағы объектілерге әсер етуге 2023 жылғы 10 сәуірдегі экологиялық рұқсат берілді.

Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметіне осы бап бойынша нақты шығыстар 72,3 мың теңгені құрады, ал бекітілгені 44,7 мың теңге еді, бұл 27,6 мың теңгеге немесе 62%-ға артық.

Осы бап бойынша артық жұмсалым бекітілген тарифтік сметадағы қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болды.

**«Мүлікке қойылатын салық» бабы** - жүруге арналған кірме жол қызметіне тариф 424,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, 2024 жылғы мүлікке қойылатын салық бойынша нақты шығыстар 801,8 мың теңгені құрады.

Осы бап бойынша 89%-ға немесе 377,5 мың теңгеге өсім «ПМХЗ» ЖШС құрамына кірме жолдар қызметтерінің қызметін қайтарумен және кәсіпорын теңгеріміндегі негізгі құралдардың ішкі ауысуымен, сондай-ақ 2024 жылы негізгі құралдар мен жабдықтарды 82 млн 971 мың теңге сомасына сатып алумен байланысты болды.

**2-кесте**

**Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ 2024 жылдың 1 жартыжылдығына арналған бәсекеге қабілетті кірме жолдар болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсынудың реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифтік сметаның орындалуы туралы есеп.**

| № р/с | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2024 жылғы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқу, % | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **I** | **Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге жұмсалған шығындар, барлығы:** | **мың теңге** | **147 989,3** | **326 210,0** | **120** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | сонының ішінде: | | | | | |
| **1** | **Материалдық шығындар, барлығы соның ішінде** | **-//-** | **3 523,9** | **7 080,3** | **101** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 1.1 | Пайдалануға кеткен материалдар | -//- | 2 733,7 | 4 320,4 | 58 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 1.2 | Отын (ЖЖМ) | -//- | 645,4 | 1 132,5 | 75 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 1.3 | Сатып алынатын энергия | -//- | 125,0 | 1 548,4 | 1139 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 1.4 | Жылу энергиясы | -//- | 19,8 | 79,0 | 299 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **2** | **Еңбекақы төлеуге жұмсалған шығындар, барлығы,** | **-//-** | **91 155,1** | **222 059,2** | **144** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 2.1 | Еңбекақы | -//- | 81 920,9 | 199 406,7 | 143 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |

| № р/с | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2024 жылғы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқу, % | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2 | Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар | -//- | 6 776,6 | 16 670,3 | 146 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 2.3 | Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) | -//- | 2 457,6 | 5 982,2 | 143 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **3** | **Негізгі қаражаттың амортизациясы** | -//- | **40 366** | **74 868,4** | **85** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **4** | **Жөндеу, барлығы** | -//- | **0,0** | **0,0** | **0** | |
| **5** | **Басқа шығыстар, барлығы** | -//- | **12 944,3** | **22 202,1** | **72** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| | соның ішінде: | | | | | |
| 5.1 | Міндетті медициналық қарау | -//- | 211,2 | 304,0 | 44 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.2 | Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру | -//- | 773,3 | 3 786,5 | 390 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.3 | Арнайы киім мен ЖҚҚ | -//- | 5 113,5 | 5 953,4 | 16 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.4 | Арнайы сабын | -//- | 182,3 | 426,9 | 134 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.5 | Арнайы сүт | -//- | 1 106,5 | 1 440,3 | 30 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.6 | Кеңсе тауарлары | -//- | 74,5 | 86,9 | 17 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **5.7** | **Басқа шығыстар** | -//- | **5 483,0** | **10 204,1** | **86** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.7.1 | Жол өлшеу үлгілерін тексеру | -//- | 16,0 | 16,0 | 0 | |
| 5.7.2 | Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру | -//- | 520,2 | 841,0 | 62 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| 5.7.3 | Мүлікке қойылатын салық | -//- | 4 946,8 | 9 347,1 | 89 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **II** | **Қызметтер көрсетуге кеткен барлық шығындар** | -//- | **147 989,3** | **326 210,0** | **120** | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |
| **III** | **Барлық кірістер** | -//- | **147 989,3** | **99 701,5** | **-33** | Көлемдердің кемуі |
| **IV** | **Кіріс (Залал)** | -//- | **0** | **-226 509** | | |

| № р/с | Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы | Өлшем бірлігі | Бекітілген тарифтік сметада көзделген | 2024 жылғы тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері | Ауытқу, % | Ауытқу себептері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| V | Ұсыналатын қызметтердің көлемі | вагон/сағат | 1 908 500 | 1 285 807 | -33 | Көлемдердің кемуі |
| VI | Тариф (қосылған құн салығын қоспағанда) | теңге | 77,54 | 77,54 | 0 | |
| VII | Қызмет көрсетуге кеткен шығындар | теңге | 77,54 | 253,70 | 227 | БТС-да қаражаттың жетіспеушілігі |

Жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі бойынша тарифтік сметада бекітілген және нақты шығындар табиғи монополиялар мен өзге де қызметтің реттелетін қызмет түрлері бойынша кірістерді, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлек есепке алуды жүргізу әдістемесіне сәйкес шығындарды бөлу коэффициенттері бойынша бөлінген.

2024 жылғы тарифтік сметадағы нақты шығындардың жалпы сомасы – 326 210 мың теңге, ал бекітілгені - 147 989,3 мың теңге, бұл 178 220,7 мың теңгеге немесе 120%-ға артық.

Жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне арналған тарифтік сметаның орындалуы туралы есепке сәйкес 2024 жылғы артық жұмсалым тарифтік сметаның барлық баптары бойынша туындады:

**«Пайдалануға кеткен материалдар» бабы** – бекітілген тарифтік сметада (бұдан әрі – БТС) шығыстар 2733,7 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығыстар 4320,4 мың теңгені құрады, бұл БТС-пен салыстырғанда 1586,7 мың теңгеге немесе 58%-ға артық, өсім БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болып отыр.

**«Отын (ЖЖМ)» бабы** – БТС-да шығыстар 645,4 мың теңге мөлшерінде бекітілді, осы бап бойынша 2024 жылғы нақты шығыстар 1132,5 мың теңгені құрады, бұл 487,1 мыңға немесе 75%-ға артық. Шығындардың өсуі БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болып отыр.

**«Сатып алынатын энергия» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды беру қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 125 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 1548,4 мың теңгені құрады, ал бұл 1423,4 мың теңгеге артық (өсім 1139%).

«ПМХЗ» ЖШС реттелетін қызмет көрсетуге қатысатын объектілерін электр энергиясымен жабдықтауға жұмсалатын шығындар ай сайын есептелетін орташа тариф бойынша шығады.

Бекітілген тарифтік сметадағы есептік орташа өлшенген 16,43 теңге кВт/сағ. құнмен салыстырғанда 2024 жылғы электр энергиясының нақты орташа өлшенген құны 26,10 теңге кВт/сағ. құрады, бұл шығындардың ұлғаюына әкелді.

Сонымен қатар шығындардың өсімі уәкілетті органның БТС-да тарифтік сметаны бекіту кезінде ғимараттарды жарықтандыруға кеткен шығыстар ғана қабылданғандығымен, іске қосылған жабдыққа жұмсалатын электр энергиясының

шығыстары толығымен алынып тасталғандығымен және жобадағы есептік мөлшерден электр энергиясының шығыны 10 есе азаюымен байланысты болды, бұл бекітілген тарифтік сметада осы бап бойынша қаражаттың жетіспеушілігіне әкеп соқты.

**«Жылу энергиясы» бабы** – «ПМХЗ» ЖШС-ні жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді «ПАВЛОДАРЭНЕРГО»АҚ жүзеге асырады.

Тарифтік сметадағы жылу энергиясының нақты шығыны аландар бойынша есептік әдіспен кірме жолдар қызметтерін көрсетуге тартылған ғимараттар бойынша жылу энергиясының шығысы негізінде жүргізілді (ғимараттар бойынша шығыс «ПМХЗ» ЖШС энергиямен жабдықтау бөлімі ұсынған есептеулерде берілген).

Бекітілген тарифтік сметада жылу энергиясына жұмсалатын шығындардың сомасы 19,8 мың теңге, нақты - 79 мың теңге, бұл 59,2 мың теңгеге немесе БТС-дан 299%-ға артық.

Жылу энергиясы бойынша шығындардың өсуі кірме жолдарға қызмет көрсету цехының (№12 цех) персоналы алып жатқан алаңның өзгеруімен және «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның жылыту суы бойынша тарифінің жоғарылауымен, сонымен қатар бұдан бұрын бекітілген тарифтік сметада қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты болды. Бекітілген тарифтік сметада есепке «ПЭ» АҚ - 1874,72 (теңге/Гкал) тарифі бойынша (жылына 11,5 Гкал) шығын алынды, «ПАВЛОДАРЭНЕРГО» АҚ-ның 2024 жылғы 01 қаңтардан 31 мамырға дейінгі кезеңдегі 2024 жылы тарифі – 2224,36 теңге/Гкал (2023 жылғы 13 шілдедегі 59-НҚ бұйрық), 2024 жылғы 2 маусымнан бастап тариф – 2285,64 теңге/Гкал (2024 жылғы 28 мамырдағы 41-НҚ бұйрық).

**«Еңбекақы» бабы -** бекітілген тарифтік сметада сома 81 920,9 мың теңгені, нақты шығындар 199 406,7 мың теңгені құрайды, бұл 117 485,8 мың теңгеге немесе 143%-ға артық. Шығындардың өсуі бұдан бұрын бекітілген тарифтік сметадағы қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болды.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде 1 жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 140 мың теңге деңгейінде бекітілді, тарифтік сметаның баптары түзетілгеннен кейін тарифті өзгертпей, 1 жұмыскердің орташа айлық еңбекақысы 151 мың теңге деңгейінде бекітілді.

«ПМХЗ» ЖШС-нің кірме жолдар қызметтерімен айналысатын 1 жұмыскерінің 2024 жылға нақты орташа айлық еңбекақысы 361 мың теңгені құрады, бұл 2024 жылғы көлік қызмет түріне қатысты Павлодар облысындағы орташа айлық жалақыдан аспайды.

**«Әлеуметтік салық, әлеуметтік аударымдар» бабы –** бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдар қызметіне қатысты әлеуметтік салыққа және әлеуметтік аударымдарға кеткен шығындардың сомасы 6 776,6 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 16 670,3 мың теңгені құрады, бұл 9 893,7 мың теңгеге немесе 146%-ға артық және де БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болды.

**«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» (МӘМС) бабы** – осы бап бойынша тарифтік сметадағы сома 2 457,6 мың теңгеде бекітілді, тарифтік сметаның қолданылу кезеңіндегі нақты шығындар 5982,2 мың теңгені құрады, бұл

3524,6 мың теңгеге немесе 143%-ға артық және де БТС-да қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты.

**«Негізгі құралдардың амортизациясы» бабы** - бекітілген тарифтік сметадағы сома 40 366 мың теңгені құрайды, нақты шығындар 74 868,4 мың теңгені құрады, бұл 34 502,4 мың теңгеге немесе 85%-ға артық. Шығындардың ұлғаюы 2024 жылы 82 млн 971 мың теңге сомасына негізгі құралдар мен жабдықтарды сатып алумен, 49 млн 500 мың теңге сомасына ЖПМК күрделі жөндеуін жүргізумен, сонымен қатар 250 млн. 722 мың теңге сомасына тұрмыстық блокқа жөндеу жүргізумен байланысты болды.

**«Міндетті медициналық қарау» бабы** – бекітілген тарифтік сметада осы бап бойынша сома 211,2 мың теңгені құрады, осы бап бойынша нақты шығындар 304 мың теңгені құрады. Осы бап бойынша 44%-ға артық шығын жасалған шартқа сәйкес медициналық қараудан өту құнының артуына байланысты болды.

**«Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабы** - бекітілген тарифтік сметада жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолдарды беру қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 773,3 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 3786,5 мың теңгені құрады, бұл 3 013,2 мың теңгеге немесе 390%-ға артық.

Өсім бірінші кезекте тарифті бекіту кезінде қаражаттың болмауымен және кәсіптік тәуекел класы бойынша сақтандыру тарифінің өзгеруімен, сондай-ақ тарифтік мөлшерлемелердің және лауазымдық айлықақылардың ұлғаюымен негізделеді.

Уәкілетті орган тарифтік сметаны бекіткен кезде «Жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру» бабындағы шығындар кәсіптік тәуекелдің 15-класының сақтандыру тарифі бойынша есептелген (2022 жылғы шарт бойынша), сақтандыру тарифінің коэффициенті – 1,13%.

Міндетті сақтандыруға кеткен нақты шығындар шарттарға сәйкес «Жұмыскерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін айқындау және оны төлеу тәртібі» 17-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіптік тәуекелдің 14-класы, сақтандыру тарифінің 1,55% коэффициенті бойынша жүргізілді.

**«Арнайы киім және ЖҚҚ» бабы -** бекітілген тарифтік сметада тұрақ үшін кірме жолдар қызметіне жұмсалатын шығындар сомасы 5113,5 мың теңге мөлшерінде бекітілді, нақты шығындар 5953,4 мың теңгені құрады, бұл 839,9 мың теңгеден немесе 16%-ға артық. Бекітілген тарифтік сметада арнайы киім мен ЖҚҚ бағасы шартқа сәйкес 2021 жылғы бағалар бойынша қабылданды. Өсім жасалған шартқа сәйкес арнайы киім мен ЖҚҚ бағасының өсуімен байланысты.

Арнайы сүттің, арнайы сабынның, кеңсе тауарларының баптары бойынша өсім жасалған шарттарға сәйкес материалдар бағасының өсуімен де байланысты.

**«Өнеркәсіптік қалдықтарды қабылдау, орналастыру» бабы -** 2023 жылғы сәуірде кірме жолдар қалдықтарының иесі ретінде «ПМХЗ» ЖШС-ге ҚР Экологиялық Кодексінің 318-бабы негізінде 1-санаттағы объектілерге әсер етуге 2023 жылғы 10 сәуірдегі экологиялық рұқсат берілді.

Жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне осы бап бойынша нақты шығыстар 841 мың теңгені құрады, ал бекітілгені 520,2 мың теңге еді, бұл 320,8 мың теңгеге немесе 62%-ға артық.

Осы бап бойынша артық жұмсалым бекітілген тарифтік сметадағы қаражаттың жетіспеушілігімен байланысты болды.

**«Мүлікке қойылатын салық» бабы** - тұрақ үшін кірме жол қызметіне тариф 4946,8 мың теңге мөлшерінде бекітілді. 2024 жылғы мүлікке қойылатын салық бойынша нақты шығыстар 9347,1 мың теңгені құрады.

Осы бап бойынша 89%-ға немесе 4 400,3 мың теңгеге өсім «ПМХЗ» ЖШС құрамына кірме жолдар қызметтерінің қызметін қайтарумен және кәсіпорын теңгеріміндегі негізгі құралдардың ішкі ауысуымен, сондай-ақ 2024 жылы негізгі құралдар мен жабдықтарды 82 млн 971 мың теңге сомасына сатып алумен байланысты болды.

**«ПМХЗ» ЖШС 2024 жылғы кірме жолдар қызметтері жөніндегі қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін** қарастыруға көшейік.

**3-кесте**

**«ПМХЗ» ЖШС 2024 жылғы қызмет көрсетуден қаржы нәтижесі, мың теңгемен**

| Атауы | Түсім, мың теңге | Өзіндік құн, мың теңге | Жалпы пайда (+) / залал (-) |
|---|---|---|---|
| **Табиғи монополия саласындағы қызметтерді іске асыру, барлығы:** | **110 165** | **354 192** | **-244 027** |
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі | 10 464 | 27 982 | -17 518 |
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметі | 99 701 | 326 210 | -226 509 |

2024 жылға кірме жол қызметтерін көрсетуден түскен **түсім**:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі бойынша 10 464 мың теңге;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша қызметтер бойынша 99 701 мың теңге.

Кірме жолдар қызметтерін көрсетуге кеткен **шығыстар** 354 192 мың теңгені құрады, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметіне шығыстар – 27 982 мың теңге;

- маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне шығыстар – 326 210 мың теңге.

**4-кесте**

**Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС қызметінің негізгі қаржылық-экономикалық көрсеткіштері, мың теңгемен (Басқарушылық есеп)**

| Қаржы нәтижесі | Бекітілген тарифтік смета | Бекітілген тариф, теңгемен, ҚҚС қоспағанда | 2024 жылғы нақты, мың теңгемен |
|---|---|---|---|
| **Кірістер, барлығы:** | **160 683** | | **110 165** |
| соның ішінде | | | |
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі | 12 694 | 53,77 теңге/вагон/км | 10 464 |
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметі | 147 989 | 77,54 теңге/вагон/сағ. | 99 701 |
| **Шығыстар, барлығы:** | **160 683** | | **354 192** |
| соның ішінде | | | |
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі | 12 694 | 53,77 теңге/вагон/км | 27 982 |
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі | 147 989 | 77,54 теңге/вагон/сағ. | 326 210 |
| **Қаржы нәтижесі:** | **0** | | **-244 027** |
| соның ішінде | | | |
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну қызметі | 0 | 53,77 теңге/вагон/км | -17 518 |

| Қаржы нәтижесі | Бекітілген тарифтік смета | Бекітілген тариф, теңгемен, ҚҚС қоспағанда | 2024 жылғы нақты, мың теңгемен |
|---|---|---|---|
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі | 0 | 77,54 теңге/вагон/сағ. | -226 509 |

Есептік кезеңнің қорытындылары бойынша 2024 жылға кірме жолдардың қызметтері бойынша 244 027 мың теңге, соның ішінде:

- жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру бойынша – 17 518 мың теңге;

-маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша – 226 509 мың теңге шығынға жол берілді.

**5-кесте**

**«ПМХЗ» ЖШС-нің 2024 жылдағы қызмет көрсетуге жұмсалған шығындары**

| Қызметтің атауы | Бекітілген тариф, теңге | Бірлік үшін шығындар, теңгемен, ҚҚС қоспағанда | Ауытқу (+) / (-) | % |
|---|---|---|---|---|
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі, теңге/вагон,км | 53,77 | 143,79 | 90,02 | 167 |
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну қызметі, теңге / вагон, сағ. | 77,54 | 253,70 | 176,16 | 227 |

2024 жылғы қорытындылар бойынша кәсіпорын жылжымалы құрамның жүруі мен тұрағы үшін кірме жолдарды беру қызметтерін көрсету нәтижесінде пайда таппады.

Бірлік үшін тұтынушыларға қызмет көрсетуге кеткен нақты шығындар:

- 1 вагон/км жүру үшін кірме жолды беру бойынша – 143,796 теңге/вагон/ км.

- 1 вагон/сағат жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша – 253,70 теңге/вагон/сағат.

**Ұсынылған реттелетін қызметтердің көлемдері туралы ақпаратты қарастырайық.**

Қызмет көрсету көлемі жасалған шарттар негізінде айқындалған. Бекітілген тарифтік сметаға енген жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызмет көлемі 236 066 вагон/км мөлшерінде айқындалды.

Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметіне арналған тарифтік сметаға кірген көлем 1 908 500 вагон/сағат мөлшерінде айқындалды.

**6-кесте**

**2024 жылға жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру бойынша нақты көлем**

| № р/с | Атауы | Нақты, вагон/км | Жалпы көлемдегі үлесі |
|---|---|---|---|
| | Жүру үшін кірме жолды беру қызметі, жиыны: | 194 603 | 100% |
| 1 | "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ | 68 904 | 35,4% |
| 2 | "PETROSUN" ЖШС | 37 349 | 19,2% |
| 3 | "KC Energy Group" ЖШС | 36 495 | 18,8% |
| 4 | "INTERTRANS C.A." ЖШС | 9 096 | 4,7% |
| 5 | "ГазИндустрия" ЖШС | 553 | 0,8% |
| 6 | "Компания Нефтехим LTD" ЖШС | 260 | 0,1% |
| 7 | Басқа тұтынушылар | 41 946 | 21,6% |

**7-кесте**

**2024 жылғы жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру бойынша нақты көлем**

| № р/с | Атауы | Нақты, вагон/км | Жалпы көлемдегі үлесі |
|---|---|---|---|
| | Тұрақ үшін кірме жолды беру қызметі, жиыны: | 1 285 807 | 100% |
| 1 | "ҚазМұнайГаз" ҰК» АҚ | 437 857 | 34,1% |
| 2 | "PETROSUN" ЖШС | 233 359 | 18,1% |
| 3 | "KC Energy Group" ЖШС | 236 279 | 18,4% |
| 4 | "INTERTRANS C.A." ЖШС | 69 724 | 5,4% |
| 5 | "Компания Нефтехим LTD" ЖШС | 9 547 | 0,7% |
| 6 | Басқа тұтынушылар | 299 042 | 23,3% |

2024 жылға жылжымалы құрамның жүруі мен тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтер көрсету көлемдері:

Жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызмет көрсету көлемі 194 603 вагон/км құрады.

Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызмет көрсету көлемі 1 285 807 вагон/сағатты құрады.

Бекітілген көлемдерден ауытқудың негізгі себептері, бұл АМӨЗ-ге ішінара бөле отырып, ҚР Энергетика министрлігінің мұнайды жеткізу кестесінің өзгеруі, сондай-ақ мұнай өнімдерінің бір бөлігін тиеп-жөнелту автомобиль көлігімен дербес әкету шарттарына сәйкес және құбыр арқылы тасымалдау жолымен жүргізілуі болып табылады. Сонымен қатар кірме жолдардың қызметтері бойынша көлемдердің ауытқуына жыл бойы мұнай өнімдерін тиеп жөнелтуді жоспарлаған бірқатар контрагенттердің мұнай-газ саласындағы қызметін тоқтата тұруы да айтарлықтай әсер етті, сәйкесінше вагондар саны азайды.

Нақты көлемдер ай сайын өндірістік қызметтер көрсету туралы актілермен, сондай-ақ «ПМХЗ» ЖШС тарапынан қол қойылған кірме жолдар бойынша қызметтер көрсету тізілімдерімен және қосалқы тұтынушылармен расталады.

**8-кесте**

**Табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС тарифтері туралы ақпарат**

| Қызметтің атауы | Өлшем бірлігі | Тариф, «ПМХЗ» ЖШС, теңгемен, ҚҚС қоспағанда | Енгізу күні |
|---|---|---|---|
| Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған жағдайда жылжымалы құрамның жүруі үшін кірме жолды беру қызметі | теңге/вагон/км | **53,77** | 2023 жылғы 01 тамыздан бастап |
| Маневрлік жұмыстар, тиеу-түсіру, тасымалдау процесінің басқа да технологиялық операциялары үшін, сондай-ақ Бәсекеге қабілетті кірме жол болмаған кезде тасымалдау процесінің технологиялық операцияларында көзделмеген жылжымалы құрамның тұрағы үшін кірме жолды беру қызметі | теңге/вагон/сағ. | **77,54** | 2023 жылғы 01 тамыздан бастап |

## Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмыс туралы

Тұтынушылардың табиғи монополиялар саласына жататын көрсетілетін қызметтерге қажеттілігі жыл сайын қызметтер көрсетуге шарттар жасасу кезінде айқындалады.

Тұтыну көлемдерін қызмет тұтынушыларымен салыстыру бойынша жұмыс ай сайын жүргізіледі, сондай-ақ кейбір қызмет тұтынушыларының сұрауы бойынша салыстыру апта сайын немесе он күн сайын жүзеге асырылады.

2024 жылдағы «Павлодар мұнайхимия зауыты» ЖШС кірме жолдар қызметтерін 55 тұтынушыға көрсетті.

## Реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері

«ПМХЗ» ЖШС үшін кірме жолдарды ұсыну қызметтеріне реттелетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштері және қызмет тиімділігінің көрсеткіштері әзірленбеді және бекітілмеді.

## Қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

«ПМХЗ» ЖШС негізгі жабдықты техникалық жарамды күйде қамтамасыз ету және ұстау бойынша жұмыстарды жалғастырады, сонда кірме жолдар бойынша қызметтерді үздіксіз көрсетуді қамтамасыз ету мүмкін болады. Төтенше немесе күтпеген жағдайларды жоюға дайындық, сондай-ақ жабдықтың жұмыс істеу тиімділігін және көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру жөніндегі жұмыстарды жалғастырады.

## Қызметтің перспективалары (даму жоспарлары), соның ішінде тарифтердің ықтимал өзгерістері туралы

Кірме жолдары қызметтерін ұсыну ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес белгіленген тарифтер бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына қойылатын талаптарға сәйкес қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Қызметтердің сапасы:

- кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандырумен;
- авариялық жағдайлардың туындау тәуекелдерін төмендетумен;
- жұмыста заманауи жабдықтарды пайдаланумен;
- реттеліп көрсетілетін қызметтер объектілеріне мерзімді диагностика жүргізумен қамтамасыз етіледі.

Кірме жолдарды ұсыну қызметтері мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде белгілеген сапаға қойылатын талаптарды ескере отырып көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 25, 26-баптарымен реттемеленетін табиғи монополиялар субъектісі ретінде «ПМХЗ» ЖШС міндеттерін орындау үшін кірме жолдар қызметтерін көрсетуге кететін нақты шығындар, қызметтер көлемдері туралы ақпарат кәсіпорынның сайтында орналастырылды.